

ните значение следующих слов и словосочетаний. Слова и словосочетания давались в той последовательности, в которой они встречаются в тексте и под условными знаками а, б, в. Знак А показывает, что слово, словосочетание надо объяснить переводом на родной язык путем приведения конкретных примеров и т.п. Знак Б - в прочитанном отрывке найти синоним или антоним к указанным словам. Обычно уже известным студентам. Обычно уже известным студентам слова по его составным частям (приставка, суффикс, сложное слово). В упражнениях отсутствуют такие задания, как «выучить слова», так как «выучивание» слов менее эффективно, чем выяснение и запоминание их значения с последующим «узнаванием» в контексте [6].

Таким образом, студенты должны учиться писать тезисы, рефераты, выводы, выступать с доказательствами, обоснованиями тех или иных положений, высказывать свои соображения, возражать и т.п. При этом совершенствуются и навыки, приобретенные еще в школе: извлечение главной и необходимой информации, переработка ее для сообщения в конкретной аудитории, конспектирование прочитанного и прослушанного, выступление с сообщением в обусловленной ситуацией форме.

1. Лосева Л.М. Как строится текст: пособие для учи-

телей. /под ред. Г.Я.Солганика. - М.: Просвещение, 1980. - 94с.

2. Ембулаева Т.Е. Работа с учебными планами, лингвистическими текстами. \Русский язык в школе, 1990, №3.

3. Гальперин, И.Р. Текст как объект лингвистического исследования / И.Р. Гальперин. - 3-е изд., - М.: Эдиториал УРСС, 2005. - 144с.

4. Текст и дискурс: традиционный и когнитивно-функциональный аспекты исследования: Сб.научн.тр./под ред. Л.А.Манерко; Ряз.гос.пед.ун-т им.С.А.Есенина. Рязань, 2002. - 236с.

5. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. Екатеринбург, Деловая книга, 2004. Москва, Академический Проект, 2004. - 400с.

6. Десяева Н.Д., Наполькова Т. В. Пути организации самостоятельной работы учащихся на уроках русского языка. Пособие для учителя. - М.: Прометей, 1989.

7. Журавлева Л.С., Зиновьева М.Д. Обучение чтению. - М., 1986.

8. Калшанский Г. В. Коммуникативная функция и структура языка. - М., 1984.

9. Леонтьев А.А. Язык, Речь, речевая деятельность. - М., 1996.

10. Лернер И.Я. Дидактическая система методов обучения. - М., 1976.

11. Панов Б.Т. Типы и структура уроков русского языка: Пособия для учителя. - М.: 2009.

* * *

Мақала студенттердің өз бетімен жұмыс түрлерін орындауда мәтіннен қажетті ақпаратты тандай білу дағдысын қалыптастыруға арналған.

* * *

The article deals with the development of students' skills in the solitary work at the reading of the text and extracting from it the necessary information.

А. Т. Әлиакбарова

ҚОСТІЛДІ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТУЫНДАЙТЫН ЛЕКСИКАЛЫҚ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Шет тілін оқыту әдістемесінде ағылшын тілінің лексикасын менгеру көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Ағылшын тілін үйренуші студент белгілі бір мөлшерде лексикалық бірліктерді есте сақтап қана қоймай, сонымен қатар, оларды сөйленіс кезінде дұрыс қолдана білуі тиіс. Алайда, ағылшын тілінің лексикасын менгеру ана тілі (қазақ тілі) мен бірінші шет тілінің (орыс тілі) интерференциялық әсері есебінен айтарлықтай дәрежеде қиындық тудырады.

Р.М.Гайсина лексикалық интерференцияға мынадай сипаттама береді: "Тілдер арасында ортақ құбылыстар болса, онда шет тілін мен-

геруде ешқандай қиындық туындамайды, себебі, тілді үйренуші ана тілінде қалыптасқан дағдысы мен қабілетін шет тілін үйрену үдерісінде қолданады. Осыған орай, бірінші тіл мен менгерілетін екінші тілдің тілдік жүйелеріндегі ұқсастықтар оң ауысуға негіз болады. Алайда, менгерілетін тіл мен ана тіліндегі лексико-семантикалық жүйе арасындағы айырмашылықтар мен әр тілдің өзіне тән ерекшелігі теріс ауысуға негіз болады. Мұның салдары қателердің туындауына септігін тигізеді және лексикалық интерференцияның орын алуына алып келеді [1, 59 б]. Лексикалық интерференция модификациялық және субституциялық болуы мүмкін.

Модификациялық интерференция донор тіліндегі ұқсас бірліктердің аналогиясына байланысты жаңа тілдегі лексикалық бірліктер мағынасының кенеюі болып табылады. Жиі кездесетін субституциялық интерференция реципиент тіліндегі фонетикалық үлгілер бойынша ұқсас лексикалық бірліктерді өңдеу арқылы жаңадан меңгеріліп жатқан тілге тасымалдау болып табылады [2, 42 б].

Тілді үйренуші студент ағылшын тілінің лексикасын меңгеру барысында үйреніп жатқан тілдің лексикалық жүйесіндегі ерекшеліктерге байланысты бірқатар қиындықтарға кездеседі. Баршамыз білетіндей, тілдердің лексикалық жүйесі өзіне тән қайталанбас өзгешеліктермен ерекшеленеді. Тілдердің лексикалық құбылыстарына тән өзіндік ерекшеліктерге қатысты мынадай түйін жасауға болады: негізінде екі тілдің лексикалық жүйесіндегі сөздердің арасында түпкілікті сәйкестік (терминологиялық лексиканы есепке алмағанда) болмайды. Бұл сөйлеу кезінде сөздердің қызметіндегі айырмашылықтар мен ерекшеліктерді анықтайды. Екі тілдегі лексикалық құбылыс арасындағы айырмашылықтар мен олардың ерекше сипаттары салғастыру әдісі арқылы анықталады. Лингвист ғалымдар мен әдіскерлер тілдерді салғастыру арқылы оқыту қажет деп есептейді. Ана тілі мен үйреніп жатқан тілдегі ерекшеліктерді есепке ала отырып шет тілдерін оқыту үдерісінде туындайтын әдістемелік мәселелерді, атап айтқанда лексикалық интерференцияның алдын алу мәселесін шешу үшін қажетті ғылыми мәліметтерді алуға мүмкіндік береді [3, 8 б].

Тілдік жүйелерді салғастырмалы тұрғыда зерттеудің мақсаты интерференция мәселесін зерттеудің міндеттеріне сәйкес келеді. Интерференция тілдегі элементтер арасында айырмашылықтар болған жағдайда орын алады, бұл жағдайда тілді үйренушілер олардың арасындағы айырмашылықтарды ажырата алмайды. Салғастырмалы талдауда генетикалық байланыстарына және типологиялық құрылымына қарамастан, негізінен екі тілді немесе бірнеше тілдерді олардың өзіндік сипаттарын және жүйелік тұтастығын анықтау мақсатында қолданады. Лексика саласы бойынша салғастырмалы талдауда сөздердің құрылымы (сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамның типтері) немесе оның семантикалық аспектісі (сөз мағынасының көлемі, лексикадағы ассиметрияның көрініс табуы: полисемия, синонимия және т.б.) нысанға алынады [4, 294 б].

Ана тілі мен үйреніп жатқан тілдің лексикалық жүйесі сәйкес келмейді. Ана тілі мен шет

тілінің сәйкес лексика-семантикалық бірліктерін салғастыруда қателік жіберудің алдын алу үшін олардың арасындағы дәлме-дәл корреляцияны табу қажет. Мұндай корреляцияны белгілеу үшін қатынасқа түсетін тілдерге салғастырмалы талдау жасау арқылы қол жеткізуге болады. Егер оқу үдерісінде екі нақты тілдік жүйені салғастыруға келмейтін жағдай туындағанда «жасырын аударма» орын алады, ережеге сәйкес, бұл лексикалық бірліктер арасындағы жалған сәйкестікке алып келеді [5, 264 б].

Нақты екі тілдің лексикалық жүйесін салғастыра отырып, мынадай нәтижелерге көз жеткізуге болады:

1) салыстырылып отырған тілдердің баламасы бар және баламасы жоқ лексикасын ажырата алу керек;

2) толығымен сәйкес келетін сөздер қатары өте шектеулі;

3) сөздердің көпшілігінің баламасы табылып жатады, яғни ана тіліндегі көп мағыналы сөзге шет тіліндегі бір ғана мағына беретін немесе көп мағыналы сөз сәйкес келеді. Бұл - лексикалық деңгейдегі интерференцияның негізгі потенциалды қайнар көзі. Сөз формалар мен мағыналардың күрделі бірлігі болып табылатындықтан, салыстырылып отырған тілдердегі сөздер арасында келесі қатынастар болуы мүмкін [6, 70 б]:

1) сөздердің мағынасы мен формасы сәйкес келеді;

2) сөздердің формасы сәйкес келгенімен, мағынасы сәйкес келмейді;

3) сөздердің формасы сәйкес келмейді, ал мағынасы сәйкес келеді (бұл негізінен термин сөздерде кездеседі);

4) сөздердің формасы да, мағынасы да сәйкес келмейді.

Екі тілде формасы мен мағынасы жағынан сәйкес келетін сөздерден лексикалық интерференция туындамайтындығы баршаға белгілі, мысалы: ағылшын тіліндегі «*film, volley-ball, tennis, museum, temperature, philology, folklore*» деген сөздер қазақ тіліне оң ауысады да, студенттер бұл сөздердің баламасын беруде қате жібермейді.

Ағылшын тілінде формасы жағынан қазақ және орыс тілдеріне сәйкес келіп, алайда мағынасы жағынан сәйкес келмейтін сөздерді мысал ретінде алайық. Мұндай сөздер студенттер үшін өте қарапайым және жеңіл болып көрінеді. Осындай сөздердің форма жағынан ұқсастығы олардың мағынасы жағынан да ұқсас деп ойлауға септігін тигізетін жалған ассоциацияға алып келеді. Мысалы, студенттер ағылшын

тіліндегі *repetition* сөзін «қайталау» деген мағынасында емес, «репитиция» деген мағынада қолданса, *family* сөзін «жанұя» деген мағынада емес, «фамилия» деген мағынада қолданады.

Ағылшын тілін меңгеруде лексикалық интерференция құбылысы тілді меңгерудің алғашқы сатыларында көрініс табады. Мысалы, студенттер ағылшын тіліндегі «*complexion*» зат есімін «*комплекция*» деген мағынада қолданса, «*wait*» етістігін «*күту*» (ждать), «*үміттену*» (надеяться) деген мағынада қолданады. Бірақ, мұндай «нақты» жағдайларды тұрақты жағдайлармен шатастыруға болмайды. Мәселен, ағылшын тіліндегі «*physique*» деген сөзді «*физика*» (*дене келбеті*) деген мағына орнына) деп түсіну «айшықты» және тұрақты жағдай болып табылады. Ал, «*magazine*» деген сөзді «*магазин*» деп қате түсіну сөзсіз тұрақты емес, «айшықты» жағдайға жатады. Лексикалық интерференцияның төмендеу қарқыны курстан курсқа өткен сайын өзгеріп отырады. Бұл студенттердің ойлау-сөйлеу тұрғысындағы тапсырмалардың күрделілігі мен тілдік материалдардың қиындығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, бұл тілді меңгеруге жұмсалатын уақыт саны мен қажетті деңгейде қалыптасқан дағдыға да тікелей байланысты [7, 56 б].

Ағылшын тілінің лексикасын меңгеру ана тілі мен орыс тілінің интерференциялық әсерінен айтарлықтай дәрежеде қиындық тудырады. Осыған орай, лексикалық интерференция әсерінен туындайтын қателерді талдау мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де филология факультетінің «екі шет тілі» мамандығы бойынша жалпы саны 90 студентке сынақ жүргізілді. Қазақ топтарында оқитын студенттер лексикалық интерференция бойынша дайындалған тапсырмаларға жауап берді.

Тапсырма бойынша студенттерге ағылшын тілінде фонетикалық құрылымы жағынан қазақ және орыс тілдеріне сәйкес келетін, алайда мағынасы жағынан сәйкес келмейтін сөздер берілді. Бұл тапсырмаға сәйкес басты талап – ағылшын тіліндегі сөздердің қазақша баламасын беру. Мұндай сөздер студенттер үшін өте қарапайым және жеңіл болып көрінді. Студенттер мен магистранттарға берілген мұндай фонетикалық құрылымы жағынан ұқсас сөздер олардың мағынасы жағынан да ұқсас деп шешім шығаруға септігін тигізді және жалған ассоциацияға алып келді. Мысалы, студенттер ағылшын тіліндегі «*Dutch*» деген сөздің қазақ тіліндегі баламасын беру кезінде формасына қарап сәйкестендіріп, «*даттық*» деп аударады және неміс тіліндегі «*Deutch*» сөзімен шатастырып,

«*неміс тілі*» деп жалған балама беріп, лексикалық интерференцияның туындауына жол береді. «*Dutch*» сөзі ешқашан «*даттық*» немесе «*неміс тілі*» деп аударылмайды, бұл сөздің қазақша баламасы – «*голландық*» сөзіне сәйкес келеді. Ал, «*даттық*» (Danish) және неміс тілі (German) деген сөздердің өзіндік баламалары бар.

Студенттер ағылшын тіліндегі «*aspirant*» деген сөзге «*аспирант*» деген балама береді. Ағылшын тілінің «*aspirant*» деген сөзі қазақ тіліне «*атаққұмар*» және «*үміткер*» деп аударылады. «*Аспирант*» сөзіне келер болсақ, бұл сөздің ағылшын тіліндегі баламалары «*post-graduate*» (*student*) және «*candidate*» деген сөздер болады.

Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі «*class*» деген сөзге студенттер «*сынып*», «*бөлме*» деген баламалар береді. Алайда, «*сынып*» деген сөздің ағылшын тілінде «*classroom*» деген баламасы бар. Мысалы: «*We have six classes every day*» = Бізге күн сайын алты сабақ болады (У нас шесть уроков каждый день); *She's in biology class* = Ол биология сабағында отыр (Она на уроке биологии). Әскери техникада «*class*» сөзі «*mun*» деген мағынада қолданылады: *Ohio-class submarine* = «Огайо» типті су асты қайығы (подводная лодка типа «Огайо»). Ал, «*class*» сөзінің негізгі қазақ тіліндегі баламасы мына сөздер болып табылады: «*сабақ*» (*lesson*), «*монтық сабақтар*», «*дәреже*», «*санат*». Бұл сөз кейде «*класс*» (мектептегі жылдар) деп те аударылады. Бірақ, ешқашан «*сынып*» және «*бөлме*» деп аударылмайды. Ал, ағылшын тіліндегі «*session*» деген сөзді студенттер орыс тілінде фонетикалық құрамының сәйкес келуіне байланысты «*сессия*» деп аударады. Негізі ағылшын тіліндегі «*session*» деген сөз орыс тілінің «*сессия*» деген сөзімен мағынасы жағынан сәйкес келмейді, бұл сөз «*журнал*», «*сеанс*» деген мағынада қолданыста болады. Ал, «*сессия*» деген сөз емтихан мерзімі деген мағынада «*exams*», «*exam period*» болып аударылады. Мысалы: *Our exam period starts from the fifteenth of December*.

Әрбір тілдің лексикалық жүйесі өзіне тән қайталанбас өзгешелігімен ерекшеленеді. Ағылшын тілінің де өзіне тән ерекшеліктерін ескермеу салдарынан немесе ережелерді естен шығарып алу нәтижесінде студенттер біршама қателердің орын алуына жол берді. Мысалы:

А) “*An accurate person always puts his things away in the correct place*” – Incorrect (бұрыс)

В) “*A tidy person always puts his things away in the correct place*” + Correct (дұрыс) деген екі сөйлемнің мағынасы жағынан дұрысы В нұсқа-

сында берілген. Бірақ, студенттер А нұсқасындағы сөйлемді дұрыс деп ойлап, “*An accurate person always puts his things away in the correct place*” деген сөйлемдегі ағылшын тіліндегі «*accurate*» сөзін орыс тіліндегі «аккуратный» деген сөзбен жалған сәйкестендірді.

Ағылшын тіліндегі «*accurate*» деген сөздің қазақ тіліндегі баламасы нақты, дәл (точный) деген сөздермен сәйкес болып келеді. Осыған орай, «*accurate*» деген сөз ешқашан «*аккуратный*» (*careful, tidy*) болып аударылмайды. Көбінесе, ағылшын тіліндегі сөздердің формасы ана тіліндегі сөздердің формасымен сәйкес келгенімен, мағыналары сәйкес келе бермейді. Сондықтан, мұндай қателіктердің орын алуына жол бермес үшін ең алдымен, ағылшын тілінің лексикасын меңгеруде сөздердің формальды жағымен қатар мағыналық жағына да баса назар аудару қажет.

Фонетикалық құрамына байланысты қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сөздерді жалған сәйкестендірудің тағы бір көрінісін ағылшын тіліндегі «*actually*» деген сөзді студенттердің өзекті (актуальный) деген мағынада қолдануынан байқауға болады. Мысалы:

А) *Actually, that's a good idea* +

В) *Today, the problem of the Aral sea is very actually* - деген екі сөйлемнің дұрыс нұсқасын таңдау барысында тілді меңгеруші студенттер «*actually*» деген сөзді «өзекті» деген мағынада қолданып, А нұсқасын дұрыс деп ойлайды. Негізі, ағылшын тіліндегі «*actually*» деген сөз ешқашан «өзекті» болып аударылмайды. Бұл сөздің қазақ және орыс тілдеріндегі баламасы «*шын мәнінде, шындығында*» («*на самом деле, действительно*») деген сөздермен сәйкес келеді.

Мұндай қателердің туындау себебі ағылшын тілін меңгеруде бірінші шет тілінің, яғни орыс тілінің интерференциялық рөлі болып табылады. Жоғарыда студенттердің жіберген қателеріне

байланысты келтірілген мысалдарға сәйкес студенттердің берген жалған баламалары – лексикалық интерференцияның басты көрінісі ретінде есептеледі. Демек, ағылшын және қазақ тілдерінің лексикалық жүйесіндегі сөздердің арасында түпкілікті сәйкестік (терминологиялық лексиканы есепке алмағанда) болмайды.

Сондықтан, қорытындылай келе, студенттерді оқытудың барлық курстарында, әсіресе, төменгі курстарда лексикалық интерференцияның алдын алу және игеру жұмыстарын дұрыс ұйымдастырудың қажеттілігін атап өткен жөн. Кейбір авторлар мұндай жұмыстың маңыздылығын есепке ала отырып, «интерферентті» сөздіктер құрастырудың өте орынды екендігін алға тартады.

1. Гайсина Р.М. Сопоставительное описание лексических полей (на материале разносистемных языков). - Уфа, 1990. - 67 с.

2. Щепилова А.В. Коммуникативно-когнитивный подход к обучению французскому языку как второму иностранному. Теоретические основы. М., 2003. – С. 42-46.

3. Аракин В.Д. Сравнительная типология и методическая прогнозирования. – В кн.: Научно-методическая конференция: Лингво-психологические проблемы обоснования методики преподавания иностранных языков в высшей школе: Тезисы докладов. М., 1971, с. 7-9.

4. А.А. Залевская. Введение в психолингвистику. - Москва, 1999. - С.294-297

5. Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. М., 1977. – 264 с.

6. Карлинский А.Е. Принципы исследования лексической интерференции в методических целях. – В кн.: Зарубежное языкознание и литература. Алматы, 1971, с. 62-70.

7. Семеновна В.В. «Предупреждение и преодоление лексической интерференции в английской речи студентов II курса»: Дис...канд. пед. наук: - М., 2005, с. 55-57.

В статье рассматривается проблема лексической интерференции в условиях изучения английского языка студентами билингвов.

This article deals with the problem of lexical interference in the English language acquisition by bilingual students.

С. С. Алиева

ОБРАЩЕНИЕ В ПРЕДЛОЖЕНИИ

Для того чтобы практически овладеть иностранным языком, а именно, говорить на нем и понимать устную и письменную речь на иностранном языке, мало знаний правил грамматики и даже умения применять эти знания при

анализе и переводе текста. Для практического овладения языком необходимо систематически накапливать запас слов, жизненно наиболее важных и широко употребляющихся во всех стилях речи (разговорном, общественно – поли-